

«Бекітемін»  
«Ақмола облысы білім басқармасының  
Целиноград ауданы бойынша  
білім болімінің жаңындағы Қабанбай  
батыр ауылының  
«Балаласағ бекітушілерінің» МКҚК  
менгерушісі  
Садыярова М.И  
2025 ж.



Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын  
жетілдіру. МобиЛЬДІ консультациялық пункттерде  
«Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру

«Балаларды ерте дамыту институты» РММ Фылыми-әдістемелік  
кеңесінің шешімімен (2025 жылғы 24 маусымдағы №7 хаттама)

2025ж

## ТҮСІНІК ХАТ

Бұгінгі күні мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарын (занды өкілдерін) педагогикалық сүйемелдеу бойынша жұмысты жандандыру қажеттігі туындап отыр. Ол ата-аналарды (занды өкілдерді) мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуға кеңінен тартуды қамтиды.

МДҰ жанында Үлгілік қағидаларға сәйкес ата – аналардың (занды өкілдердің) қажеттілігін ескере отырып, басшының бұйрығы негізінде ата-аналарға арналған консультациялық пункттер (бұдан әрі - АКП) құрылады.

Балаларды үйде сапалы тәрбиелеу мен дамыту мәселелерінде ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету үшін мектепке дейінгі ұйымдар жанынан консультациялық пункттер ұйымдастыру қажет.

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, отбасылық тәрбиеге қойылатын талаптардың артуы мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту ісінде ата-аналармен (занды өкілдермен) бірлесе жұмыс істеудің жаңа тәсілдерін қажет етеді. Білім беру жүйесіндегі басты бағыттардың бірі – ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету, олардың тәрбие процесіне белсенді араласуын қамтамасыз ету.

Осыған орай, мектепке дейінгі ұйымдар жанынан ата-аналарға арналған консультациялық пункттерді (АКП) ұйымдастыру — мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамыту, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ «Тәрбие бесігі» жобасын тиімді жүзеге асыру үшін маңызды құрал болып табылады.

**Мақсаты:** Ата-аналарды (занды өкілдерді) мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үдерісіне белсенді қатыстыру арқылы педагогикалық сауаттылығын арттыру және отбасындағы тәрбиенің сапасын жақсарту.

### ***Міндеттері:***

1. Ата-аналарға (занды өкілдерге) мектепке дейінгі білім беру, тәрбиелеу, дамыту мәселелері бойынша әдістемелік және психологиялық көмек көрсету.
2. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру және отбасының тәрбиелік әлеуетін нығайту.
3. Баланың жеке ерекшеліктеріне сәйкес дамуына бағытталған кеңес беру қызметін ұйымдастыру.
4. «Тәрбие бесігі» жобасы аясында ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие беру модельдерін насиҳаттау.
5. Мектепке дейінгі ұйым мен отбасы арасындағы өзара сенімді, ашық қарым-қатынасты қалыптастыру.

**Мобильді консультациялық пункттерде**  
**«Тәрбие бесігі» жобасын жүзеге асыру жылдық жоспары**  
**2025-2026 оқу жылы**

<b>Откізу айы</b>	<b>Апта</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Нысаны</b>	<b>Жауаптылар</b>
Тамыз	1	Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру. «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру	Консультациялық пункттер үйымдастыру; Психологиялық-педагогикалық стенд және бұрыштар; Ата-аналардың базасын толықтыру; Электрондық ресурстар (сайттар, блогтар, подкасттар, әлеуметтік желілер: (Instagram, ).	Әкімшілік
Тамыз	2	Мектепке дейінгі үйымдармен қамтылған және қамтылмаған балаларды тәрбиелеу мен дамыту үшін қауіпсіз, жайлы жағдайлар жасау	Үйшік, көлеңкелі шатырлар, киіз үй, құрастырмалы қалқалар және т.б. болуы мүмкін	Әкімшілік
Қыркүйек	1	Балаларға күтім жасау және дамыту мәселелері бойынша ата-аналарды хабардар ету мақсатында консультациялық пункттерге арналған мобильді қосымшаны қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар	«Беске дейін үлгер» мобильді қосымшасын қолдану бойынша нұсқаулық, appstore және play market-тен «беске дейін үлгер» мобильді қосымшасы	Әдіскер Аға тәрбиеші

	2	Мектепке дейінгі үйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттердің жұмысын үйымдастыру	«Консультациялық пункт», «Сұрак-жауап» айдары	Менгеруші; әдіскер; тәрбиеші; музыка жетекшісі; дene шынықтыру нұсқаушысы; педагог-психолог; логопед; медбике; казақ тілі педагогі
Қыркүйек	1	«Баланың мектепке дейінгі дамуындағы отбасының рөлі»	Кеңес беру	Психолог
	2	«Бала – біздің болашағымыз»	Ашық есік күні	Психолог
Қазан	1	«Үй жағдайында музыкалық қабілетті дамыту жолдары /«Как можно развивать музыкальный слух в домашних условиях» «Бір жастан үш жасқа дейінгі балалардың сенсорлық дамуы және сөйлеуінің дамуы»/Сенсорное и речевое развитие детей от 1 до 3-х летнего возраста.	Кеңес беру	Музыка маманы
	2	«Менің отбасым»	Отбасылық сурет көрмесі	Психолог
Қараша	1	«Баланың денсаулығын сақтау мен нығайтудағы ата-ананың рөлі»	Кеңес беру	Медбике
	2	«Қарым-қатынас құпиялары»	Психологпен тренинг	Психолог

Желтоксан	1	«Ұлттық тәрбие – ұрпақ болашағы» Ұлттық ойын ұлт қазынасы.	Кеңес беру	Мектепалды даярлық топ тәрбиешілері
	2	«Қош келдің жаңа жыл!»	Ертеңгілік	Музыка жетекшілері
Қантар	1	«Қазақтың салт-дәстүрлері – тәрбиенің негізі»	Кеңес беру	Қазақ тілі мұғалімі
	2	«Әкем, а남 және мен»	Спорттық ойындар	Денешынықтыру нұсқаушысы
Ақпан	1	«Баланың эмоционалдық дамуына ата-ананың ықпалы»	Кеңес беру	Ортанғы топ тәрбиешілері
	2	«Жылдың жүрек – мейірімді отбасы» тренинг	Семинар-практикум	Психолог
Наурыз	1	«Қош келдің Наурыз!»	Мерекелік іс-шара	Әдіскер Психолог Топ тәрбиешілері
Сәуір	1	«Дұрыс тамақтану салауатты өмір салтының кепілі»/ <i>Правильное питание залог здорового образа жизни.</i> «Ұйқы, ұйқы, ұйқы баланы ұйқыға жатқызамыз» / <i>Сон, режим сна, укладываем ребенка спать».</i>	Кеңес беру	Медбике/медсестра
	2	«Сөйлеуді дамытуға арналған нейро ойындардың маңызы»	Тренинг	Педагог- психолог
Мамыр	1	Ата-аналардың пікірлері мен ұсыныстары	Электрондық пошта: Пікірлер жинау үшін арнайы адрес күру;	Психолог

			сауалнамалар: Google Forms немесе SurveyMonkey тәрізді платформалар арқылы жиі онлайн сауалнамалар жүргізу;	
	2	«Ұлттық ойын ұлт қазынасы»	Денешынықтыру нұсқаушылар/ инструкторы по физической культуре	Денешынықтыру нұсқаушылар/ инструкторы по физической культуре